

**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

**«Самұрық-Қазына» АҚ Активтер мен нысандарды сату жөніндегі комиссиясы 15 компанияны жеке секторға шығаруды мақұлдады**

2014 жылғы 23 шілде

Астана қаласы

2014 жылғы 23 шілдеде «Самрук-Қазына» АҚ Активтер мен нысандарды сату жөніндегі комиссиясының 2014-2016 жылдардағы Жекешелендірудің кешенді жоспары аясындағы алғашқы отырысы өтті.

Комиссия жұмысына «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Елена Бахмутова, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасары Жаннат Ертілесова, Қордың Қаржы директоры-Басқарма мүшесі Нұрлан Рахметов, Бизнесіті дамыту жөніндегі бас директор-Басқарма мүшесі Берік Бейсенғалиев, Құқықтық мәселелер жөніндегі бас директор-Басқарма мүшесі Талғат Сәрсенбаев және т.б. қатысты.

Комиссия мүшелері Жекешелендіру бағдарламасы аясында сатылатын активтер бойынша ұйымдастыру мәселелерін және активтерді тәуелсіз бағалаушыларды таңдау әдістерін талқылады. Сонымен қатар, отырыста Due Diligence (инвестиция жасалатын нысан туралы ашық ақпарат, соның ішінде инвестициялық тәуекелдік, инвестиция салынатын нысанды тәуелсіз бағалау, компаниялардың қызметін жан-жақты зерттеу және т.с.с.) процедурасын өткізудің құжаттар тізімі талқыланды.

Отырыс нәтижесінде Комиссия 2014 жылғы тамыздағы активтер мен нысандарды сатудың жоспар-кестесін бекітіп, осы уақыт ішінде «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдарынан жеке секторға шығарылатын 15 компанияны белгіледі.

Олардың арасында «Біржан-Атырау» ЖШС жылжымалы құрамды жөндеу мен қызмет көрсету кәсіпорны, «Бас-Балхаш 2004» ЖШС, «Ақ Берен» ЖШС, ТОО «Ертіс сервис» ЖШС мұнай өнімдеріне арналған вагонцистерналарды тазалап, дайындау компаниясы, «Қазықұрт-Оңтүстік» ЖШС және тағы басқалары бар.

Қазіргі кезде қалған активтерді бағалау жұмысы аяқталып келеді, кейбір активтер бойынша екінші қатысушының (құрылтайшының) сатып алу артықшылығы құқын пайдалануға қатысты шешімі күтіліп отыр. Тамызда сатуға шығарылатын активтердің ақпараттық төлқұжаттары Қордың ([www.sk.kz](http://www.sk.kz)) және «Самұрық-Қазына Контракт» ЖШС ([www.skz.kz](http://www.skz.kz)) веб-сайттарында ілінген. Сонымен қоса, жақын арада Қор «тікелей желіні» іске қосады, осы желі арқылы сатып алушы жекешелендіру туралы, саудаға қатысу тәртібі мен Қордың жекелеген активтері мен нысандары туралы толыққанды ақпарат алады. Call-орталық телефоны: + 7 (7172) 55 22 66.

Жекешелендіру бағдарламасы аясында екі активтің сатылғанын да атап өту керек. Олар: «МЗ-Секьюрити» ЖШС («Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ-ның еншілес компаниясы және Ecomaster Servicii Ecologice SRL («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның еншілес компаниясы). Сондай-ақ, осы жылғы маусым айында «Қазақстан-Инжиниринг» АҚ №832 көлік жөндеу зауытының 51 пайыз жай акциясын сатуға тендер өткізілген болатын, өтінімнің жоқтығынан сауда жарамсыз деп танылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Үкіметі 2014-2016 жылдардағы Жекешелендірудің кешенді бағдарламасын жасағаны белгілі. 2014 пен 2020 жылдар аралығында Қордың 106 активі мен нысаны сатылады, оның 64-ін 2014 жылдың соңына дейін жеке секторға шығару жоспарланып отыр. Бағдарлама мемлекеттің ел экономикасындағы қатысын азайтып, жеке сектордың үлесін арттыру арқылы экономиканы күшейтуді көздейді.

*Активтер мен нысандарды сату жөніндегі комиссия – Қор жанынан құрылған, тұрақты жұмыс істейтін орган. Комиссия компанияларға тиесілі активтер мен нысандарды сату туралы шешімдер қабылдайды және осы үрдісті үйлестіріп, бақылап отырады.*

*«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы Жарлығымен «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ мен «Самұрық» мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» АҚ біріктіру арқылы құрылды.*

*Қор ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен орнықтылығын арттыру және әлемдік нарықтарда елдегі экономикалық өсудегі өзгерістердің теріс әсер етуі мүмкін факторларды жою үшін құрылды. Қор қызметінің негізгі мақсаты әлемдік нарықтарда олардың ұзақ мерзімді құндылығы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа да заңды тұлғалардың өзіне меншік құқығындағы тиесілі акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару болып табылады.*

**«Самұрық-Қазына» АҚ**  
**Жұртшылықпен байланыс департаменті:**  
**+7 (7172) 554028,**  
**+7 (702) 293 33 32**